

Ақкөл ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № С 43-3 шешімі. Ақмола облысы Ақкөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 27 қазанда № 1-3-163 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 ақпандағы № С 44-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 25.02.2015 № С 44-4 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабына, 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 97 бабына сәйкес, Ақкөл аудандық мәслихаты

ШЕШІМ

ЕТТИ:

1. Ақкөл ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу Ережелерін бекіту туралы» Ақкөл аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 1 маусымдағы № С 19-3 (нормативтік күқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-3-108 тіркелген, 2009 жылғы 26 маусымда аудандық «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины КZ» газеттерінде жарияланған) шешімі күші жойылған деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақкөл аудандық мәслихаты
сессиясының төрайымы

А. Мананбаева

мәслихат хатшысы
«КЕЛІСІЛДІ»

Ю. Ужакин

Ақкөл ауданының әкімі
Ақкөл
2011
№
БЕКІТІЛДІ

аудандық
жылғы
43 - 3
шешімімен

А. Үйсімбаев

мәслихаттың
қыркүйектегі

Ақкөл ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету ЕРЕЖЕЛЕРИ

Осы тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына, «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, «Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Ақкөл ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындаудың мөлшерін және тәртібін анықтайды.

1. Жалпы қағидалар

1. Тұрғын үй көмегі – жергілікті бюджет қаражаты есебінен Ақкөл ауданының аумағында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) :

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалған шығыстарын ;

тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына;

Аз қамтамасыз етілген отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Ескерту. Ереженің 1-тармағы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 27.03.2014 № С 32-3(ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының

ұлғауы бөлігіндегі байланыс қызметтерін тұтынғаны үшін, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, шама шегіндегі жұмсалған шығыстарына төленген сомасының және отбасының осы мақсаттарға жұмсалған шығыстарының шекті ұйғарымды деңгейінің арасындағы айырмасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының ұлғауы бөлігіндегі байланыс қызметтерін тұтынғаны үшін, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, жұмсалған шығыстары үшін отбасының бір айдағы шекті ұйғарымды деңгейінің шығыстары, отбасының орташа айлық жиынтық кірісіне

10

п а й ы з

к ө л е м і н д е

б е л г і л е н е д і .

Тұрғын үйді күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға жұмсалған төлемақысы белгіленген шамадан артық болғанда, жалпыға бірдей
н е г і з д е ж ү р ғ і з і л е д і .

Ескеरту. Ереженің 2-тармағы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Аққөл аудандық мәслихатының 27.03.2014 № С 32-3(ресми жарияланған күннен бастап қолданыска енгізіледі) шешімімен.

3. Өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй аумағы бір адамға 18 шаршы метр, жалғыз тұратын азаматтар үшін 30 шаршы метрден аспайтын мөлшерде қабылданады.

Коммуналдық қызметтердің өтемақы мөлшерлері шектелген шамалардан артық емес мөлшерінде, газбен қамтамасыз еткені үшін бір адамға бір айда 4 килограммнан, бірақ отбасыны алғанда 16 килограммнан немесе 2 баллоннан артық емес, сумен қамтамасыз еткені үшін және канализацияға бір адамға бір айда 2,5 шаршы метрден артық емес, үй жанындағы жер телімін суару бір айда бір жүздікке 3 шаршы метрден артық емес, электр қуатымен қамтамасыз еткені үшін санауыштың көрсеткіштері бойынша, бірақ бір адамға бір айда 100 киловаттан және отбасыға 250 киловаттан артық емес мөлшерінде бекітілсін.

Қатты отынды пайдаланғаны үшін өтемақы жергілікті жылуы бар үйлер үшін пайдалы ауданының 1 шаршы метріне 83 килограмм мөлшерінде (қазан айы мен сәуір айы аралығындағы жылу беру мерзіміне), бірақ отбасыға 5 тоннадан көп емес мөлшерінде бекітілсін. Көмір бағасын өткен тоқсанда жинақталған санақ мәліметтері бойынша орташа бағасымен алынсын.

Тұрғын үй көмегін есептегендеге көмірді мерзімдік сатып алуына байланысты, қатты отын шығындарының өтемақы мөлшерлері шегінде жылу беру мерзімі кезеңінде өтініш берген тоқсанның үш айна жылына бір рет отынды сатып алу оқиғасын растайтын шоттарды (түбіртектерді) ұсыну кезінде ескеріледі.

Тұрғын үй көмегін есептегендеге шығын мөлшері мен жергілікті жылу беру

үшін қолданылатын басқа отын түрінің бағасын шығынның эквиваленттік мөлшеріне және көмірдің құнына есептелінсін.

Ескеरту. Ереженің 3-тармағы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 21.08.2014 № С 39-5 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Тұрғын үй көмегін тағайындауды және төлеуді жүргізетін атқарушы органы болып «Ақкөл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бекітілді.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу

5. Тұрғын үй көмегі өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанға, бірақ құқығы пайда болғанынан бұрын емес тағайындалады.

6. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация Министрлігі (одан әрі – ХҚКО) немесе «электрондық үкіметтің веб-порталы мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны арқылы тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі өтінішті үй иесі, үйді жалға алушы (қосымша жалдаушылардың) белгіленген нысанда (не сенімхат бойынша оның өкілі)

т а п с ы р а д ы .

Қажетті құжаттардың тізімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 қаулысымен бекітілген «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2 тараудың 9 тармағымен анықталады.

Ескерту. Ереженің 6-тармағы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 21.08.2014 № С 39-5 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Тұрғын үй көмегін тағайындау ағымдағы тоқсанға тоқсан сайын жүргізіледі, бірақ отбасының кірістері және коммуналдық қызметтері үшін шығындары өткен тоқсанға есептелінеді.

Ескерту. Ереженің 7-тармағы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 21.08.2014 № С 39-5 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. Ұсынылған құжаттарды қарастыру қорытындылары бойынша атқарушы орган құжаттарды тапсырған сәттен бастап күнтізбелік он күннің ішінде тұрғын үйді тағайындалғаны немесе бас тартқандығы туралы шешім қабылдайды да, өтініш берушіге жазбаша түрде хабар береді.

Тұрғын үй көмегінің тағайындалғаны (тағайындаудан бас тартқандығы)

туралы хабарламаларды тұтынушының жеке өзі атқарушы органға келгенде немесе пошталық хабарлама арқылы беріліп, жүзеге асырылады.

Ескерту. 8 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2012.04.23 № С4-3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

9. Тұрғын үй көмегі еңбекке жарамды адам жұмыс істемесе, оқымаса және жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелмесе, мүгедектерді, күтімде қажеттілігі бар деп танылған мүгедектерге, үш жасқа дейінгі балалардың, сексен жастан асқан тұлғалардың күтімін іске асыратын тұлғаларды және 1999 жылғы 19 желтоқсандағы № 1930 «Жерасты және ашық кен жұмыстарындағы, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 1 Тізімін және Еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 2 Тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген, № 1 және № 2 тізімдері бойынша арнайы мемлекеттік жәрдемақыны алушыларды отбасыларды (адамдарды) есептемегенде, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тағайындалады.

Ескерту. Ереженің 9-тармағы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 21.08.2014 № С 39-5 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. Өтініш беруші толымсыз, сенімсіз мәліметтерді ұсынған жағдайда тұрғын үй көмегі тағайындалмайды, құжаттардың дұрыс ресімделмеуі тұрғын үй көмегі мөлшерінің қате есептелуіне әкеп соғады. Заңсыз түрде алынған қаражат бюджетке өтелуге жатады. Өзгерістер болған жағдайда (отбасы құрамы, тұрғын үй меншігі нысаны) өтініш беруші өзгерістер болған күннен бастап өкілетті органдың құнтізбелік он күн ішінде хабардар етуі тиіс.

Ескерту. Ереженің 10-тармағы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 21.08.2014 № С 39-5 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. Уәкілетті орган қажет болған жағдайда өтініш берушіден немесе тиісті органдардан оның тұрғын үй көмегін тағайындауға құқығы бар екенін растайтын қосынша мәліметтер сүрайды.

12. Тұрғын үй көмегі алушылардың «Казпошта» акционерлік қоғамы Ақмола облыстық филиалының Ақкөл аудандық пошта байланыс торабындағы есеп шотына есептеу жолымен ақшалай төлем түрінде бекітіледі.

13. Тұрғын үй көмегі қаржыландыру жоспарына сәйкес жүргізіледі.

3. Отбасының жиынтық табысын есептеу тәртібі

14. Тұрғын үй көмегін алуға үміттенетін отбасының (азаматтың) жиынтық табысы Қазақстан Республикасы Құрылымы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 бұйрығымен бекітілген, тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасының негізінде, тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсаны үшін тұрғын үй көмегін тағайындауға және төлеуге уәкілетті органмен есептелінеді.

Ескерту. 14 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ақтөрек аудандық мәслихатының 2012.04.23 № С4-3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен